EGEMEN QAZAQSTAN

№123 (30102) 1 ШІЛДЕ, БЕЙСЕНБІ 2021 ЖЫЛ

Жүз жылдық жылнама

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

Еуропадағы маңызды серіктес

Қасым-Жомарт Тоқаев Швейцарияның іскерлік топтар өкілдерімен кездесу өткізді, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Жиынды ашқан Мемлекет басшысы Швейцария құрама командасының футболдан өтіп жатқан Еуропа чемпионатында жақсы ойын өрнегін көрсеткенін атап өтті.

Президент Швейцария Конфедерациясы Қазақстанның Еуропадағы маңызды сауда-экономикалық серіктестерінің бірі екенін айтты.

– Елдеріміз арасындағы қарым-қатынастар достық пен өзара сенімге негізделген. Бүгінгі кездесуді Швейцария Президенті Ги Пармеланмен бейнебайланыс арқылы өткен жуырдағы келіссөздің сындарлы жалғасы ретінде қарастырамын. Біз сауда байланыстарымызды, инвестициялық ынтымақтастығымызды нығайту үшін жұмыс істеуге, аталған салалар бойынша жетістікке қол жеткізуге уағдаластық. Қазақстан тәуелсіздігін алған уақыттан бері Швейцария экономикамызға 30 миллиард долларға жуық инвестиция салды. Екі мемлекет арасындағы тауар айналымы, тіпті былтырғы дағдарыс кезінде 1,7 миллиард доллар болды, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінде Қазақстанда Швейцария капиталының қатысуымен 400-ден астам кәсіпорын жұмыс істеп жатқанына тоқталды.

– Қарым-қатынастарымыз бен ынтымақтастығымызда белгілі бір жетістіктер бар деп санаймын. Сонымен қатар мұны одан әрі дамыту үшін әлеуетіміз де жеткілікті. Қазақстан тікелей инвестиция тарту үшін еліміздегі инвестициялық климаттың мейлінше қолайлы болуына барлық мүмкіндікті жасайды. Қазақстан – аймақтағы экономикасы ең ірі мемлекет. Біздің мақсатымыз – аймақтағы жетекшілік орнымызды сақтап қалу. Сонымен қатар экономикамызды әртараптандыруға байланысты мәселелерді шешуіміз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, Қазақстанда экономиканы көміртегінен ада етуге, жасыл технологияларға, қоршаған орта мен қаржы саласын қорғауға байланысты жобаларға басымдық беріледі.

Кездесу барысында Stadler Rail AG компаниясының президенті, Қазақстан мен Швейцария іскерлік кеңесінің тең төрағасы Петер Шпулер, Glencore International AG компаниясының бас директоры Айван Глазенберг, Roche Holding концернінің басқарма төрағасы Кристоф Франц, Credit Suisse Switzerland инвестициялық бөлімшесінің басшысы Йенс Хаас, ABB Switzerland компаниясының бас директоры Роберт Ичнер, KS Genetics компаниясының президенті Филиппо Ломбарди, INOKS Capital компаниясының бас атқарушы директоры Набиль Абдул-Массих және Rey Group компаниясының президенті Кристиан Рей сөз сөйледі.

Еларалық байланыстың ерек үлгісі

Сурет Елбасының баспасөз қызметінен алынды

Нұрсұлтан Назарбаев Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен кездесті, деп хабарлады Елбасының баспасөз қызметі.

Кездесу барысында Жоғары Еуразия экономикалық кеңестің Құрметті төрағасы Қазақстан-Ресей ынтымақтастығы бұрыннан мемлекетаралық қатынастың жарқын үлгісі екенін атап өтті.

– Біздің байланысымыздың тарихы, яғни Қазақстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынас – тұрақты әрі мемлекетаралық қатынастың үлгісі болып саналады. Мен бұдан былай да осы бағытты ұстана беремін, – деді Елбасы.

Нұрсұлтан Назарбаев Ресей Президентіне пандемия кезінде Қазақстанға көрсетіп жатқан қолдауы үшін ризашылығын білдіріп, Қарағанды фармацевтикалық зауытында ресейлік вакцина шығару аясындағы тиімді әріптестіктің жайына тоқталды.

Владимир Путин коронавирус пандемиясының теріс әсеріне қарамастан, екіжақты байланыс оң қарқын алып отырғанын атап өтті.

– Сіздің арқаңызда Ресей мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастың даму қарқыны болашаққа сеніммен қарауымызға мүмкіндік береді. Пандемия салдарынан тауар айналымы 4 немесе 5 пайыз төмендегеніне қарамастан, биылғы жылдың алғашқы жартысында 20 пайызға жуық өсім байқалып отыр. Бұл өзге бағыттар бойынша да біздің қарым-қатынасымыз өте жақсы дамитынын көрсетеді, – деді Владимир Путин.

Инвестициялық жобалардың келешегі талқыланды

Қазақстан Президенті Швейцарияның бірқатар компаниясының басшыларын қабылдады, деп хабарлады Мемлекет басшысының баспасөз қызметі.

Суреттерді түсіргендер А.ДҮЙСЕНБАЕВ, Ғ.ӨМІРБЕКОВ

Швейцарияның іскерлік топтар өкілдерімен өткен кездесуден кейін Мемлекет басшысы бірқатар компанияның жетекшілерімен жеке-жеке кездесу өткізді.

Stadler Rail AG холдингі директорлар кеңесінің төрағасы Петер Шпулермен өткен кездесуде көлік саласындағы инвестициялық жобаларды жүзеге асырудың перспективалары, сондай-ақ Қазақстан – Швейцария іскерлік кеңесінің кезекті отырысын өткізуге байланысты мәселелер талқыланды.

Glencore International AG компаниясының бас директоры Айван Глазенберг Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Қазмырыш» ЖШС-ын одан әрі дамыту жөніндегі компанияның жоспарлары, соның ішінде Жәйрем кен байыту комбинатындағы полиметалл рудаларын өңдейтін зауыттың құрылысы туралы мәлімет берді.

Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысындағы экологиялық ахуалды жақсарту үшін озық технологияларды енгізудің маңызды екенін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев жақын арада қызметінен кететін Айван Глазенбергке Қазақстанның тау-кен саласын дамытуға қосқан үлесі үшін ризашылығын білдірді және кездесуге қатысып отырған Гэри Нэйглге табыс тіледі. Гэри Нэйгл Айван Глазенбергтің орнына компанияны басқарады.

F.Hoffmann-La Roche AG фармацевтикалық компаниясының басқарма төрағасы Кристоф Францпен кездесу кезінде бірлескен жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктері, соның ішінде COVID-19 індетін және басқа да әртүрлі ауруларды зерттеу жөніндегі ғылыми-зерттеу лабораториясын ашу мәселесі сөз болды.

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:

1) бүкіл мәтін бойынша «сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды)», «сауда-саттығын (конкурстар, аукциондар)», «сауда-саттыққа (конкурстарға, аукциондарға)», «сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда)», «сауда-саттықты (конкурсты, аукционды)», «сауда-саттық (конкурстар, аукциондар)»,

(Жалғасы 10-бетте)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудандық, қалалық және ауылдық билік деңгейлерінің дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне:

1) мазмұны алып тасталсын;

2) 45-бапта:

4-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

(Жалғасы 11-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

Жаңа заң инклюзивті білім беруді күшейте ме?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы халыққа Жолдауында ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бірдей мүмкіндік жасау керек екенін айтқан-ды. Осы тапсырманы іске асыру мақсатында инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң әзірленді. Үш күн бұрын, анығырақ айтқанда «Egemen Qazaqstan» газетінің 2021 жылдың 28 маусымындағы санында жарияланған заңға сәйкес енді ерекше білім беруді қажет ететін балалардың қатары көбеймек. Неге? Өзгерістер мен толықтыруларға толы бұл заң ерекше білім алушыларға не береді? Қандай жағдай жасайды?

Айдана ШОТБАЙҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Аталған заң жобасын әзірлеуге белсене атсалысқан Арнайы және инклюзивті білімді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығының директоры Әйкерім Мерекеқызы ерекше білім беруді қажет ететін балалардың қатары неліктен көбейетінін түсіндіріп берді.

«Осы бекітілген заңның жобасын әзірлеу жұмыстарының басы-қасында болдық. Сондықтан қолданысқа енгізілген заңның әсіресе білім алушы балаларға берері мол екенін анық айта аламын. Біз бұған дейін денсаулық жағдайына, ақыл-ойының кемістігіне қарай білім алушыларды ерекше білімді қажет ететін топқа жатқызып жүрдік. Енді олардың қатары көбейді. Мысалы, түрлі елден қандастарымыз тарихи Отанына оралып жатады. Олардың балалары көбіне кириллицаны білмей қиналады. Сондай жағдайда оған ерекше жағдай жасап көмектесуіміз керек. Және республика көлемінде қаншама әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балалары бар.

Бірақ олар өздерінің әлеуметтік, отбасының экономикалық жағдайына қарамастан сапалы білім алуға құқылы ғой. Айталық, ата-анасының экономикалық жағдайының төмендігіне байланысты балабақшаға бара алмай, мектепке дейінгі біліммен қамтамасыз етілмей отырған бүлдіршіндер болады. Міне, бұдан былай әлеуметтік осал топтарға жататын балалар да ерекше білім беруді қажет ететіндер санатына жатқызылып, тиісті мүмкіндіктерді алады», дейді Ә.Мерекеқызы.

(Соңы 8-бетте)

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ (НАРЫҚТЫҚ) БАҒАМДАРЫ: **EUR/KZT** 508.85 **USD/KZT** 427.89 **RUB/KZT** 5.85 **CNY/KZT** 66.26

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

«Сауда-саттық (конкурстар, аукциондар)», «сауда-саттықтардың (конкурстардың, аукциондардың)» деген сөздер тиісінше «сауда-саттықты (аукциондарды)», «сауда-саттығын (аукциондарын)», «сауда-саттыққа (аукциондарға)», «сауда-саттықта (аукциондарда)», «сауда-саттықты (аукционды)», «сауда-саттық (аукциондар)», «Сауда-саттық (аукциондар)», «сауда-саттықтың (аукциондардың)» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 12-бапта:

8-1) тармақшаның екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жерге орналастыру жобасының құрамы мен мазмұны осы Кодекске сәйкес қабылданған нормативтік-құқықтық актілер негізінде белгіленеді;»;

13-1) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 36-1) тармақшамен толықтырылсын:

«36-1) орталық уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі (бұдан әрі – аумақтық бөлімше) – жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын, орталық уәкілетті орган ведомствосының облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық бөлімшелері;»;

3) 14-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«14-бап. Орталық уәкілетті органның, орталық уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің құзыреті»;

1-тармақта:

3) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4-1), 4-2), 4-3), 4-4), 4-5), 4-6), 4-7), 4-8), 4-9), 4-10), 4-11), 4-12), 4-13), 4-14) және 12-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«4-1) әкімшілік-аумақтық бірліктердің шекараларын белгілеу және өзгерту жөніндегі жобаларды жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

4-2) жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобасын жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

4-3) шаруашылықішілік және шаруашылықаралық жерге орналастыру жобаларын жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

4-4) Қазақстан Республикасы табиғи жем-шөп алқаптарының ірі масштабты (1:1000 – 1:100 000) геоботаникалық іздестірулерін жүргізу жөніндегі әдістемені әзірлеу және бекіту;

4-5) жердің ірі масштабты топырақ іздестірулерін жүргізу жөніндегі әдістемені әзірлеу және бекіту;

4-6) жерге мониторинг жүргізу жөніндегі әдістемені әзірлеу және бекіту;

4-7) электрондық жер-кадастрлық карталарды жасау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;

4-8) мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жүргізуді ұйымдастыру;

4-9) цифрлық ауыл шаруашылығы карталарын жасау кезіндегі фотограмметриялық жұмыстар жөніндегі әдістемені әзірлеу және бекіту;

4-10) жерге орналастыру, жерді мемлекеттік есепке алу және жер кадастры мақсаттары үшін 1:10 000, 1:25 000 және 1:50 000 масштабтарында цифрлық ауыл шаруашылығы карталарын жасау үшін аэрофотосуреттер шифрын ашу жөніндегі әдістеме мен шартты белгілерді әзірлеу және бекіту;

4-11) электрондық топырақ карталарын жасау жөніндегі әдістемені әзірлеу және бекіту;

4-12) топырақты бонитирлеуді жүргізу әдістемесін әзірлеу және бекіту;

4-13) электрондық геоботаникалық карталар жасау жөніндегі әдістемені әзірлеу және бекіту;

4-14) жер пайдалану құқығын иеліктен шығарған кезде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартын қайта ресімдеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;»;

«12-1) жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру;»;

14) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

«3. Орталық уәкілетті органның ведомствосы өз қызметін орталық уәкілетті орган белгілеген құзырет шегінде жүзеге асырады.

4. Аумақтық бөлімшенің құзыретіне:

1) жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

2) мемлекеттік жер кадастры мен жер мониторингін жүргізудің дұрыстығына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

3) орындау үшін міндетті, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар немесе нұсқаулар беру;

4) осы Кодекстің 94-бабы 2-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес жер учаскесіне құқық ауыртпалығын белгілеу үшін Мемлекеттік корпорацияға Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқама және оны тоқтату туралы хабарлама жіберу;

5) жер заңнамасы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау;

6) осы Кодекстің 148-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша сотқа талап қоюды дайындау және беру;

7) мақсаты бойынша пайдаланылмай жатқан және игерілмеген не Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жүрген жер учаскелерін анықтау және алып қою;

8) егер құрылыс, пайдалы қазба кен орындарын әзірлеу, объектілерді пайдалану, геологиялық барлау және басқа да жұмыстар Қазақстан Республикасының жер заңнамасын, жер пайдаланудың белгіленген режимін бұза отырып жүзеге асырылып жатса, сондай-ақ егер бұл жұмыстар сараптамадан өтпеген немесе теріс қорытынды алған жобалар бойынша жүргізіліп жатса, оларды тоқтата тұру;

9) орталық уәкілетті органға осы Кодекстің 92 және 93-баптарына сәйкес соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде жер учаскелері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалар туралы ақпарат беру жатады.»;

4) 14-1-бапта:

3-тармақ мынадай мазмұндағы 16-1) тармақшамен толықтырылсын:

«16-1) осы Кодекстің 33-бабы 1-тармағы алтыншы бөлігінің 5-1) тармақшасында көзделген жағдайда ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартын қайта ресімдеу;»;

4-тармақ алып тасталсын;

5) 17-баптың 2-1), 2-2) және 8-3) тармақшалары алып тасталсын;

6) 18-баптың 2-2), 2-3) және 8-3) тармақшалары алып тасталсын;

7) 19-баптың 4-1) тармақшасы, 5) тармақшасындағы «жариялау;» деген сөз «жариялау жатады.» деген сөздермен ауыстырылып, 6) және 7) тармақшалары алып тасталсын;

8) 23-баптың 4-тармағының төртінші бөлігіндегі «(акционерлері)» деген сөз «(акционерлері, мүшелері)» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 24-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы алтыншы және жетінші бөліктермен толықтырылсын:

«Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін шетелдіктермен немесе азаматтығы жоқ адамдармен некеде тұрған (ерлі-зайыпты) Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке меншікке және жер пайдалану құқығымен беруге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының азаматтары шетелдіктермен немесе азаматтығы жоқ адамдармен неке қиған (ерлі-зайыпты болған) кезде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелеріне жеке меншік немесе жер пайдалану құқығы осы Кодекстің 66-бабының нормаларына сәйкес иеліктен шығарылуға жатады.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының шекаралық аймағы шегінде орналасқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері Қазақстан Республикасының азаматтарына, егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, және шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына уақытша жер пайдалану құқығымен беріледі.»;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

«7. Осы баптың 1-тармағының нормалары орман өсіру мақсаттары үшін берілген (берілетін) жер учаскелеріне қатысты да қолданылады.»;

10) 26-баптың 3-тармағында:

екінші абзацтағы «жайылымдық және» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жайылымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 2-тармағы бірінші бөлігінің 7-1) тармақшасында көрсетілген жайылым алқаптары жеке меншікке және жер пайдалануға берілмейді және жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін халық мұқтажына ғана пайдаланылады.»;

11) 33-бапта:

1-тармақтың алтыншы бөлігі мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

«5-1) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердегі жер пайдалану құқығын иеліктен шығарған кезде талап етілмейді.

Егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердегі жер пайдалану құқығын иеліктен шығару жер пайдалану құқығы берілген кезден бастап бес жыл жалға алу мерзімі өткеннен кейін азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердегі жер пайдалану құқығын иеліктен шығаруды жасаған жер пайдаланушы азаматтық-құқықтық мәміле жасалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жер учаскесі орналасқан жердегі ауданның, облыстық маңызы бар қаланың уәкілетті органын хабардар етуге міндетті.

Хабарлама тиісті азаматтық-құқықтық мәміленің нөмірі мен күні көрсетіле отырып, жазбаша нысанда жіберіледі.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердегі жер пайдалану құқығы иеліктен шығарылған кезде уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартын ауданның, облыстық маңызы бар қаланың уәкілетті органы азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде жаңа жер пайдаланушыға орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен бастапқы жалға алу мерзімі өткенге дейінгі мерзімге қайта ресімдейді.

Жер пайдаланушы ауысқан кезде жер учаскесіне уақытша өтеулі жер пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шарты талаптарының өзгерістері тіркелген кезден бастап туындайды.

Көрсетілген жағдайларда жер учаскесіне уақытша өтеулі жер пайдалану құқығына ие болған жер пайдаланушы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шарты бойынша жалға берушінің алдында жауапты болады.

Бұл ретте шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін Қазақстан Республикасы азаматының, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уақытша өтеулі жер пайдалану құқығында болуы мүмкін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің жалпы жиынтық мөлшері осы Кодекстің 50-бабының 4-тармағына сәйкес белгіленген жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерінен аспауға тиіс.

Көрсетілген мөлшерден асып кеткен жағдайда, уақытша өтеулі жер пайдалану құқығы осы Кодекстің 66-бабының нормаларына сәйкес қайта ресімделуге немесе иеліктен шығарылуға жатады;»;

2-тармақтың 7) тармақшасы алып тасталсын;

12) 37-бапта:

3-тармақтың бірінші бөлігінде:

«осы баптың 5-тармағында аталғандардан басқа» деген сөздер «осы баптың 5-тармағының 3) – 7) тармақшаларында аталғандардан басқа» деген сөздермен ауыстырылсын;

«(немесе олардың бір бөлігін)» деген сөздерден кейін «, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді қоспағанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ 5) тармақшасындағы «Қазақстан Республикасының азаматтарына және мемлекеттік емес заңды тұлғаларына он жылдан қырық тоғыз жылға дейінгі мерзімге беріледі.» деген сөздер «– Қазақстан Республикасының азаматтарына және мемлекеттік емес заңды тұлғаларына он жылдан қырық тоғыз жылға дейінгі мерзімге;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

«6) орман өсіру мақсаттары үшін – Қазақстан Республикасының азаматтарына және шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларына қырық тоғыз жылға дейінгі мерзімге;

7) осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда беріледі.»;

13) 43-бапта:

1-1-тармақ мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жергілікті атқарушы органдар бос жер учаскелері мен жоспарланып отырған сауда-саттық (аукциондар) жөніндегі ақпаратты мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында, өздерінің интернет-ресурстарында және халыққа қолжетімді жерлердегі арнаулы ақпараттық стендтерде деректерді тоқсан сайын жаңартып отыру кезеңділігімен орналастыруға міндетті.»;

2-тармақта:

төртінші бөліктегі «қорытындысы шығарылған күннен бастап» деген сөздер «хаттамалық шешіміне шағым жасау мерзімі өткеннен кейін» деген сөздермен ауыстырылсын;

жиырма бірінші – жиырма үшінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Жер комиссиясы қорытындысының бір данасы қол қойылған кезден бастап бір жұмыс күні ішінде өтініш берушіге (оның өкіліне) мынадай тәсілдердің бірімен:

қолма-қол;

табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты пошта жөнелтілімі нысанында;

электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойылған электрондық құжатпен;

өтініш берушінің электрондық пошта мекенжайы бойынша табыс етіледі (жіберіледі).

Өтініш беруші жер комиссиясының хаттамалық шешіміне оны алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде көзделген тәртіппен сотқа шағым жасай алады.

Өтініш беруші жер комиссиясының оң қорытындысы негізінде жерге орналастыру жобасын дайындайды.»;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Жер комиссиясының жұмыс органы жер комиссиясының хаттамалық шешімдерін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың тиісті уәкілетті органының интернет-ресурсында ай сайын орналастыруға міндетті.

Осы тармақтың ережелері осы бапта және осы Кодекстің 44 және 45-баптарында көзделген тәртіппен берілетін жер учаскелеріне қолданылады.»;

6-1-тармақта:

«Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған жер учаскелерін қоспағанда, жер» деген сөздер «Жер» деген сөзбен ауыстырылсын;

«сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда)», «сауда-саттықты (конкурсты, аукционды)» деген сөздер тиісінше «сауда-саттықта (аукциондарда) және конкурстарда», «сауда-саттықты (аукционды) және конкурсты» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-1 және 11-1-тармақтармен толықтырылсын:

«7-1. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің жер учаскесіне құқық беру туралы шешімінің жобасында:

жер учаскесіне құқық берілетін жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) немесе заңды тұлғаның атауы;

жер учаскесінің нысаналы мақсаты;

жер санаты;

жер учаскесінің алаңы;

жерге құқық түрі, ауыртпалықтар, сервитуттар;

жер комиссиясы хаттамалық шешімінің нөмірі мен күні;

жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларының нөмірі мен бекітілген күні;

жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін берілетін жер учаскесі телімінің түрі;

жер учаскесі төлемақыға берілетін жағдайда жер учаскесін немесе жер пайдалану құқығын сатып алу бағасы;

жер учаскесін сатып алу-сату шарттары мен жалға алу шарттарын жасасу мерзімдері;

жер учаскелерінің сәйкестендіру сипаттамалары көрсетіле отырып, осындай жер учаскелерін алып қою, мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару жүргізілетін жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) немесе заңды тұлғаның атауы;

жер учаскесінің бөлінетіндігі (бөлінбейтіндігі) туралы мәліметтер;

жер учаскесін берумен байланысты өзге де мәліметтер қамтылуға тиіс.»;

«11-1. Мемлекеттік органдардың шешімімен елді мекендердің әкімшілік-аумақтық құрылысы өзгерген кезде немесе шекаралары (шектері) өзгерген жағдайда жер учаскелері елді мекендер шегіне қосылған кезде жер учаскелерінің сәйкестендіру құжаттарын ауыстыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Мұндай құжаттарды ауыстыру жер учаскесіне құқықтарды қайта ресімдеу жағдайлары туындаған не азаматтық-құқықтық мәмілелер жасалған кезде немесе өзге де жағдайларда жүзеге асырылады.»;

14-тармақта:

бірінші бөліктегі «жалға алу мерзімін» деген сөздер «жалға алу мерзімін, ал шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері бойынша заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірін де» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері бойынша осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген деректер мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің интернет-ресурсында ашық қолжетімділікте орналастырылады.»;

14) 43-1-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігі «уәкілетті органы» деген сөздерден кейін «осындай жер учаскелерін беруге бұрын келіп түскен өтінімдерді ескере отырып» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің ең жоғары мөлшері жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті өкілді және атқарушы органдарының бірлескен шешімдерімен айқындалады.

Бұл ретте көрсетілген мөлшерлер осы Кодекстің 50-бабының 4-тармағына сәйкес белгіленген жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерінен аспауға тиіс.»;

14-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы ауданда, қалада, ауылда, кентте кемінде 5 жыл тұратын адамдарға орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес жер учаскесін алу кезінде олардың конкурстық ұсыныстарына қосымша балл беру түрінде артықшылық беріледі.»;

15) 44-баптың 6-1-тармағындағы «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған жер учаскелерін қоспағанда, жер» деген сөздер «Жер» деген сөзбен ауыстырылсын;

16) 44-1-баптың 4-1-тармағындағы «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған жер учаскелерін қоспағанда, жер» деген сөздер «Жер» деген сөзбен ауыстырылсын;

17) 45-баптың 3-тармағындағы «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған жер учаскелерін қоспағанда, жер» деген сөздер «Жер» деген сөзбен ауыстырылсын;

18) 48-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

3-тармақтың бесінші абзацындағы «сауда-саттыққа» деген сөздер «сауда-саттыққа (аукционға)» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы «сауда-саттық нысанасының» деген сөздер «сауда-саттық (аукцион) нысанасының» деген сөздермен ауыстырылсын;

6-1-тармақтағы «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған жер учаскелерін қоспағанда, жер» деген сөздер «Жер» деген сөзбен ауыстырылсын;

7-тармақтың бірінші сөйлемі «, бұл облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың тиісті уәкілетті органының интернет-ресурсында ай сайын орналастырылады» деген сөздермен толықтырылсын;

19) 64-баптың 1-тармағының 7) тармақшасы «, сондай-ақ осы Кодекстің 33-бабы 1-тармағы алтыншы бөлігінің 5-1) тармақшасында көзделген тәртіппен және шарттарда ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердегі жер пайдалану құқығын иеліктен шығару» деген сөздермен толықтырылсын;

20) 66-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Жеке және (немесе) заңды тұлғалар осы Кодекстің талаптарын бұза отырып жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелер жарамсыз болады.»;

21) 84-баптың 2-тармағының 4-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-1) «Жайылымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 1-тармағына сәйкес жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін «Жайылымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 2-тармағы бірінші бөлігінің 7-1) тармақшасында көрсетілген жайылым алқаптарына халық мұқтажын қанағаттандыру;»;

22) 92-бапта:

3-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3-1. Осы баптың 2-тармағында көзделген, жер учаскесі мақсаты бойынша пайдаланылмаған кезеңге:

белгіленген тәртіппен бекітілген қала құрылысы құжаттамасы (бас жоспарлар, егжей-тегжейлі жоспарлау және құрылыс салу жобалары, аумақтың жер-шаруашылық орналастыру жобалары), сондай-ақ инженерлік желілерге қосылу мүмкіндігі болмаған;

жер учаскесі еңсерілмейтін күш немесе осындай пайдалануды болғызбайтын өзге де мән-жайлар салдарынан мақсаты бойынша пайдаланыла алмаған уақыт кірмейді.

Жер учаскесін мақсаты бойынша пайдалануды болғызбайтын өзге де мән-жайларға белгіленген тәртіппен бекітілген қала құрылысы құжаттамасын (бас жоспарлар, егжей-тегжейлі жоспарлау және құрылыс салу жобалары, аумақтың жер-шаруашылық орналастыру жобалары) өзгерту, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын лауазымды адамдарының меншік иелері мен жер пайдаланушылардың сәулет-жоспарлау тапсырмаларын алуға арналған өтінімдерін қараудағы және табиғи монополиялар субъектілері лауазымды адамдарының меншік иелері мен жер пайдаланушылардың инженерлік желілерге қосуға техникалық шарттарды және объектілерді салу кезінде көзделген өзге де келісу рәсімдерін алуға арналған өтінімдерін қараудағы әрекетсіздігі (егер мұндай әрекетсіздік сотта дәлелденсе) жатады.»;

мынадай мазмұндағы 3-2-тармақпен толықтырылсын:

«3-2. Осы баптың 3-тармағында көзделген, жер учаскесі мақсаты бойынша пайдаланылмаған кезеңге жер учаскесін еңсерілмейтін күш салдарынан мақсаты бойынша пайдаланыла алмаған уақыт кірмейді.»;

23) 93-баптың 4-тармағындағы «анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы» деген сөздер «Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы» деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 94-баптың 2-тармағында:

бірінші бөліктегі «жер учаскесін мақсаты бойынша пайдалану жөнінде және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қолдану үшін жер учаскесінің меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға берілген» деген сөздер «жер учаскесінің меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға берілген Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі «Жер учаскесін мақсаты бойынша пайдалану жөнінде және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықты жою жөнінде шаралар қабылдау қажеттігі туралы» деген сөздер «Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы» деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөліктегі «Нұсқама» деген сөз «Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың» деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 96-1-бапта:

1-тармақтағы «жерді пайдалану мен қорғауды бақылау жөніндегі уәкілетті орган, аудандық (қалалардағы аудандардан басқа) атқарушы орган, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы» деген сөздер «аумақтық бөлімше» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацында:

«Жерді пайдалану мен қорғауды бақылау жөніндегі уәкілетті орган, аудандық (қалалардағы аудандардан басқа) атқарушы орган, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы» деген сөздер «Аумақтық бөлімше» деген сөздермен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

(Соңы 11-бетте)

(Соңы. Басы 1, 10-беттерде)

26) 97-бапта:

3-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Шаруа немесе фермер қожалығын және ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген жер учаскелерінде ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты объектілер салынған кезде және шаруашылық жүргізуші субъектінің ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген кезде мұндай жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгерту талап етілмейді.»;

3-2-тармақ «жеке қосалқы шаруашылық жүргізу» деген сөздерден кейін «, бақ шаруашылығы және саяжай құрылысы» деген сөздермен толықтырылсын;

27) 102-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін берілетін жер учаскесі телімінің түрі кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің жер учаскесіне құқық беру туралы шешімінде және жер учаскесіне арналған сәйкестендіру құжатында көрсетіледі.»;

28) 145-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды орталық уәкілетті орган, аумақтық бөлімшелер және өзге де мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті шегінде жүзеге асырады.»;

5-тармақ алып тасталсын;

6-тармақтағы «және аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің» деген сөздер алып тасталсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзушылықтардың іс жүзінде жойылуына, сондай-ақ жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың нұсқаулары мен Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаларын жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың орындауына бақылауды жүзеге асырады.»;

29) 146-бапта:

1-тармақтың 3) тармақшасындағы «инспекторлар;» деген сөз «инспекторлар жатады.» деген сөздермен ауыстырылып, 4) тармақшасы алып тасталсын;

2-тармақта:

екінші бөліктегі «Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау жөніндегі уәкілетті органдардың» деген сөздер «Аумақтық бөлімшелердің» деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөліктегі «жерді пайдалану мен қорғауды бақылау жөніндегі уәкілетті органдардың, аудандық (қалалардағы аудандардан басқа) атқарушы органдардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының» деген сөздер «аумақтық бөлімшелердің» деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 147-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«147-бап. Жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын орталық уәкілетті органның, орталық уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің функциялары»;

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Орталық уәкілетті орган осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құзыреті шегінде жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады және жүргізеді.

2. Аумақтық бөлімшелер жердің пайдаланылуы мен қорғалуына, атап айтқанда:

1) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің Қазақстан Республикасының жер заңнамасы саласында қабылдаған шешімдерінің заңдылығына;

2) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың уәкілетті органдарының жеке және заңды тұлғалардың жолданымдары бойынша қабылдаған шешімдерінің заңдылығына;

3) мемлекеттік жер кадастры мен жер мониторингін жүргізудің дұрыстығына;

4) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің жер учаскесін алған тұлғалардың тізімдері бар ақпаратты уақтылы орналастыруына;

5) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің сауда-саттықты (аукциондарды) және конкурстарды уақтылы өткізуіне;

6) мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен азаматтардың Қазақстан Республикасының жер заңнамасын, жер учаскелерін нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланудың белгіленген режимін сақтауына;

7) жер учаскелерін өз бетінше иеленіп алуға жол бермеуіне;

8) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар құқықтарының сақталуына;

9) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру және сақтау жөніндегі ұйымдастыру-шаруашылық, агротехникалық, орман-мелиорациялық және эрозияға қарсы гидротехникалық іс-шаралар кешенін уақтылы және дұрыс жүргізуіне;

10) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың мемлекеттік органдарға жердің баржоғы, жай-күйі мен пайдаланылуы туралы мәліметтерді уақтылы ұсынуына;

11) жердің жай-күйіне әсер ететін тұрғын және өндірістік объектілердің жобалануына, орналастырылуына және салынуына;

12) жерді жақсарту жөніндегі, топырақ эрозиясын, сортаңдануды, батпақтануды, су басуды, шөлейттенуді, құрғап кетуді, тығыздалуды, қоқыстануды, ластануды және жердің тозуын туғызатын басқа да процестерді болғызбау және олардың салдарын жою жөніндегі іс-шаралардың уақтылы және сапалы орындалуына;

13) азаматтардың өздеріне жер учаскелерін беру туралы өтініштерін (өтінішхаттарын) қараудың белгіленген мерзімдерінің сақталуына;

14) межелік белгілердің сақталуына;

15) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері уақытша жер пайдалануға берген жерлердің уақтылы қайтарылуына;

16) бүлінген жерлердің рекультивациялануына;

17) жердің бүлінуімен байланысты жұмыстар жүргізілген кезде топырақтың құнарлы қабатының сыдырып алынуына, сақталуына және пайдаланылуына;

18) жердің пайдаланылуы мен қорғалуы жөніндегі жерге орналастыру жобаларының және басқа да жобалардың жүзеге асырылуына мемлекеттік бақылауды жүргізеді.»;

2-1 және 2-2-тармақтар алып тасталсын;

31) 148-баптың 1-тармағының 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасауға;

3) Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша қаулылар шығаруға;

4) Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзу салдарынан келтірілген залалды өтеу, мақсаты бойынша пайдаланылмай жатқан және игерілмеген не Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жүрген жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қою, жер учаскелерін беруге, нысаналы мақсатын өзгертуге, алып қоюға, мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығаруға байланысты құқыққа сыйымсыз шешімдердің күшін жою, сондай-ақ жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы берген нұсқамаларын осы нұсқама берілген тұлғалар нұсқамада көрсетілген мерзімде орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайларда оларды орындау және жеке тұлғалардан, лауазымды адамдар мен заңды тұлғалардан айыппұл өндіріп алу мәселелері бойынша сотқа талап қоюды дайындауға және беруге;

5) ұйымдарға кедергісіз кіруге, меншіктегі және жер пайдаланудағы жер учаскелерін зерттеп-қарауға, ал әскери, қорғаныс және басқа да арнаулы объектілер алып жатқан жер учаскелерін – Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 147-бабының 3-тармағында көзделген құжаттарды көрсеткен кезде оларға барудың белгіленген режимін ескере отырып, зерттеп-қарауға;

6) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, Мемлекеттік корпорацияның лауазымды адамдарына, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдеріне Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы орындау үшін міндетті нұсқамалар беруге;»;

32) 158-баптың 3-тармағындағы «(жоспарлармен)» деген сөз алып тасталсын.

2. 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексіне:

1) мазмұны алып тасталсын;

2) 4-баптың 38) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«38) орман иеленушілер – мемлекеттік орман қоры учаскелері тұрақты жер пайдалану құқығымен берілген мемлекеттік ұйымдар, сондай-ақ осы Кодекске сәйкес жекеше орман қоры учаскелері меншігінде болатын Қазақстан Республикасының азаматтары және шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары;»;

3) 6-баптың 4-тармағының бірінші абзацындағы «жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға» деген сөздер «Қазақстан Республикасының азаматтарына және шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларына» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 8-баптың 3-тармағының бірінші абзацындағы «жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға» деген сөздер «Қазақстан Республикасының азаматтарына және шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларына» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 23-баптағы «жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың» деген сөздер «Қазақстан Республикасы азаматтарының және шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасы мемлекеттік емес заңды тұлғаларының» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 84-бапта:

тақырыптағы және 1-тармақтағы «Жер учаскелерінің меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға», «заңдарында белгіленген тәртіппен жер учаскелерінің меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға» деген сөздер тиісінше «Орман иеленушілерге және (немесе) орман пайдаланушыларға», «заңнамасында белгіленген тәртіппен орман иеленушілерге және (немесе) орман пайдаланушыларға» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы «жер учаскелерінің меншік иелері немесе жер пайдаланушылар» деген сөздер «орман иеленушілер және (немесе) орман пайдаланушылар» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 112-2-баптағы «Қазақстан Республикасының азаматтары және мемлекеттік емес заңды тұлғалары» деген сөздер «Қазақстан Республикасының азаматтары және шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары» деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне:

1) мазмұны алып тасталсын;

2) 119-баптың 2-тармағындағы «органы, жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау жөніндегі уәкілетті орган» деген сөздер «орган, жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі» деген сөздермен ауыстырылсын.

4. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне:

282-баптың 8-1-тармағының бірінші бөлігі «әзірлейді» деген сөзден кейін «және бекітеді» деген сөздермен толықтырылсын.

5. «Телерадио хабарларын тарату туралы» 2012 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-баптың 2-тармағындағы «және телерадио хабарларын таратуды техникалық қолдап отыру саласындағы уәкілетті орган» деген сөздер «, телерадио хабарларын таратуды техникалық сүйемелдеу саласындағы уәкілетті орган мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 5-1-бапта:

1-тармақ «саласындағы уәкілетті орган» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ «операторлары» деген сөзден кейін «мен дара спутниктік және эфирлік қабылдау құрылғыларын таратушылар» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 7-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы «Қазақстан» деген сөз «осы баптың 2-тармағының 3) және 5) тармақшаларында және осы Заңның 8-бабының 1-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 8-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары телерадио хабарларын тарату операторларының көрсетілетін қызметтеріне шартты қолжетімді карталарды және телерадио хабарларын тарату саласында лицензиясы жоқ және Қазақстан Республикасының аумағында меншікті спутниктік хабар тарату жүйелері жоқ телерадио хабарларын тарату операторларының теле-, радиосигналын жеке-дара қабылдауға арналған жабдықтарды таратуға тыйым салу жөніндегі талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.»;

5) мынадай мазмұндағы 38-1-баппен толықтырылсын:

«38-1-бап. Телекоммуникация желілерін пайдаланып телерадио хабарларын тарату

1. Телекоммуникациялар желілерінде телерадио хабарларын тарату телекоммуникация хабарларының берілуін қамтамасыз ететін телекоммуникациялардың техникалық құралдарын және байланыс жолдарын пайдаланып теле-, радиоарналарды тарату жүйесін білдіреді.

2. Телекоммуникация желілерінде теле-, радиоарналарды тарату теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысуға арналған лицензия негізінде жүзеге асырылады.».

6. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

2-қосымшаның 279-жолындағы «сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда)» деген сөздер «сауда-саттықта (аукциондарда)» деген сөздермен ауыстырылсын.

7. «Қазақстан Республикасының Жер кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-бапта:

3), 4), 5), 6) және 9) тармақшалар алып тасталсын;

10) тармақшаның екінші және үшінші абзацтары алып тасталсын.

8. «Қазақстан Республикасы Жер кодексінің жекелеген нормаларының қолданысын және «Қазақстан Республикасының Жер кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының қолданысқа енгізілуін тоқтата тұру туралы» 2016 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 4) тармақшасының екінші абзацындағы «2021 жылғы 31 желтоқсанға» деген сөздер «2026 жылғы 31 желтоқсанға» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2-баптағы «2021 жылғы 31 желтоқсанға» деген сөздер «2026 жылғы 31 желтоқсанға» деген сөздермен ауыстырылсын.

9. «Жайылымдар туралы» 2017 жылғы 20 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 13-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«7-1) жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті жайылымдардың сыртқы мен ішкі шекаралары және алаңдары белгіленген картаны;»;

2) 14-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Осы Заңның 13-бабы 2-тармағы бірінші бөлігінің 7-1) тармақшасында көрсетілген жайылымдар жекеменшікке және жер пайдалануға берілмейді және жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін халық мұқтажына ғана пайдаланылады.».

2-бап. Осы Заң, 2021 жылғы 30 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 8-тармағын қоспағанда, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 30 маусым
№ 59-VII ҚРЗ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудандық, қалалық және ауылдық билік деңгейлерінің дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

«Ағымдағы қаржы жылы ішінде аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет пен аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттер көлемдерін өзгертуге жол берілмейді.»;

9-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің кірістері мен шығындарының болжамды көлемдерін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы айқындайтын тәртіппен ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы есептейді.»;

9-1-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жоспарлы кезеңге арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдерін белгілеу үшін аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттері кірістерінің болжамын жыл сайын сырғымалы негізде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы айқындайды.»;

3) 52-бапта:

1-тармақта:

5) тармақша алып тасталсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;»;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Бірыңғай жер салығы облыстық маңызы бар қала бюджетіне түсетін салықтық түсім болып табылады.»;

3-тармақтың 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«2) ауыл шаруашылығы мақсатындағы немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерді қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

3) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін жалға беру құқығын сатқаны үшін төлемақы.»;

4) 52-1-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) және 4-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«3-1) бірыңғай жер салығы;»;

«4-1) жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мыналар аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер болып табылады:

1) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша;

2) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерді қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

3) жер учаскелерін жалға беру құқығын сатқаны үшін төлемақы.»;

5) 75-баптың 2-тармағында:

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихаты аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетті бекіту туралы аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының шешіміне қол қойылған күннен бастап қаржы жылының соңына дейін аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттерін бекітеді.»;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттерін аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының жекелеген шешімдерімен бекітуге жол беріледі.»;

6) 111-бапта:

3-тармақтың 6) тармақшасындағы «көзделген жағдайларда жүзеге асырылады.» деген сөздер «көзделген;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайларда жүзеге асырылады.»;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджетін түзету, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қоспағанда, бюджеттік мониторинг қорытындылары бойынша ағымдағы қаржы жылы ішінде бюджет қаражаты игерілмеген және (немесе) бюджеттік бағдарламалар тиімсіз орындалған кезде, бекітілген (нақтыланған) бюджет бойынша ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарлама шығыстары көлемінің жиырма пайызынан аспайтын көлемдегі қаражат бюджеттік бағдарламалар арасында қайта бөлінген жағдайда жергілікті қоғамдастық жиналысымен міндетті түрде келісіле отырып, бюджет шығыстарының құрылымын өзгертпей жүзеге асырылады.»;

7) 130-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жылдық есепті қараған кезде мәслихат:

1) әкімнің не оны алмастыратын адамның облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы және өңірдің салық-бюджет саясатының тиісті кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамында қабылданған негізгі бағыттарының іске асырылуы туралы баяндамасын;

2) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ревизиялық комиссиясы төрағасының облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы баяндамасын;

3) әкімнің не оны алмастыратын адамның облысты, республикалық маңызы бар қаланы, астананы дамыту бағдарламасының іске асырылуы туралы баяндамасын;

4) бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бірінші басшыларының облысты, республикалық маңызы бар қаланы, астананы дамыту бағдарламаларының нысаналы индикаторларына қол жеткізілуі, бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы баяндамаларын;

5) мәслихат уәкілеттік берген адамның (адамдардың) облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы есеп бойынша қорытындысы бар баяндамасын тыңдайды.»;

8) 132-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жылдық есепті қараған кезде мәслихат:

1) әкімнің не оны алмастыратын адамның аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің атқарылуы туралы баяндамасын;

2) облыстың тексеру комиссиясы төрағасының немесе төраға уәкілеттік берген мүшесінің аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің атқарылуы туралы баяндамасын;

3) әкімнің не оны алмастыратын адамның ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) дамыту бағдарламасының іске асырылуы туралы баяндамасын;

4) бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бірінші басшыларының ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму бағдарламасының нысаналы индикаторларына қол жеткізілуі, бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы баяндамаларын;

5) мәслихат уәкілеттік берген адамның (адамдардың) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің атқарылуы туралы есеп бойынша қорытындысы бар баяндамасын;

6) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуы туралы баяндамасын тыңдайды.».

2. «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

(Соңы 12-бетте)

(Соңы. Басы 1, 11-беттерде)

1) 2 және 3-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«2-бап. Әкімшілік-аумақтық бірліктердің санаттары

1. Қазақстан Республикасының аумағы республикалық және жергілікті мүдделерді оңтайлы ұштастыру негізінде мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру үшін негізгі екі санатқа – өңірлерге және елді мекендерге бөлінеді.

2. Өңір – Қазақстан Республикасының мүддесі үшін құрылатын және басқарылатын, бірнеше елді мекен кіретін Қазақстан Республикасы аумағының бір бөлігі.

Республикалық әкімшілік-аумақтық құрылыстың негізгі буындары ретінде облыс, аудан және ауылдық округ өңірлер болып табылады.

Облыс облыстық маңызы бар қалалар мен аудандардан тұрады.

Аудан халқының жалпы саны 300 мың адамнан аспайтын аудандық маңызы бар қалалардан, ауылдардан, кенттерден, ауылдық округтерден тұрады.

Ауылдық округ халқының жалпы саны кемінде 500 адам болатын екі және одан көп ауылдық елді мекендерден тұрады.

3. Елді мекен – Қазақстан Республикасы аумағының халық жинақы орналасқан, халық саны кемінде 50 адам болатын, азаматтардың шаруашылық және басқа қоғамдық қызметі нәтижесінде қалыптасқан, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен есепке алынған және тіркелген әрі жергілікті өкілді және атқарушы органдар басқаратын бір бөлігі.

Халқының саны 50 адамнан аз шаруа қоныстары мен өзге де қоныстар ең жақын маңдағы елді мекеннің құрамына енгізіледі.

4. Қазақстан Республикасы аумағындағы елді мекендер қалалық және ауылдық елді мекендерге бөлінеді:

1) республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар, сондай-ақ олардың әкімшілік бағыныстылығындағы кенттер қалалық елді мекендерге жатады;

2) өздерінің әкімшілік бағыныстылығына қарамастан, барлық басқа елді мекендер ауылдық елді мекендерге жатады.

5. Елді мекендердің құрамдас бөліктері болады.

Шағын аудандар, қаладағы аудандар, алаңдар, даңғылдар, бульварлар, көшелер, тұйық көшелер, саябақтар, сквелрлер, көпірлер және басқа да бөліктер елді мекендердің құрамдас бөліктері болып табылады.

Облыстық маңызы бар қаладағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аудан қаладағы аудан болып табылады. Облыстық маңызы бар қаладағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аудан олардағы халық саны 400 мың адамнан асқан кезде құрылады. Қаладағы аудан халқының саны 200 мың адамнан кем болмауға тиіс.

3-бап. Елді мекендердің санаттары

Елді мекендер мыналарға бөлінеді:

1) республикалық маңызы бар қалалар, оларға ерекше мемлекеттік маңызы бар немесе халқының саны бір миллион адамнан асатын елді мекендер жатады;

2) облыстық маңызы бар қалалар, оларға ірі экономикалық және мәдени орталықтар болып табылатын, дамыған өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымы бар және халқының саны 50 мың адамнан асатын елді мекендер жатады;

3) аудандық маңызы бар қалалар, оларға аумағында өнеркәсіптік кәсіпорындар, коммуналдық шаруашылық, мемлекеттік тұрғын үй қоры, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарының, мәдени-ағарту және сауда объектілерінің дамыған желісі бар, халқының саны кемінде 10 мың адам болатын елді мекендер жатады;

4) кенттер, оларға халқының саны кемінде 3 мың адам болатын елді мекендер жатады.

Халық саны кемінде 2 мың болатын, жыл сайын емделу және демалу үшін келетіндердің саны кемінде олардың жартысын құрайтын, емдік маңызы бар жерлерде орналасқан елді мекендер де кенттерге теңестіріледі. Оларға азаматтардың жазғы демалыс орындары болып табылатын, ересек халықтың кемінде 25 пайызы ауыл шаруашылығымен тұрақты түрде айналысатын саяжай кенттері де жатады;

5) ауылдар – халқының саны кемінде 50 адам болатын елді мекендер.»;

2) 11-баптың бірінші бөлігінің 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті өкілді және атқарушы органдарының ұсынуы бойынша облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде ауылдарға, кенттерге, ауылдық округтерге атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту жөніндегі мәселелерді шешеді;»;

3) 12-баптың бірінші бөлігінің 5) тармақшасындағы «ат қою және олардың атын өзгерту» деген сөздер «атау беру және оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 13-бап мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті өкілді және атқарушы органдары:

кенттер мен ауылдардың басқару органдарының пікірін ескере отырып, осы елді мекендердің шекараларын белгілейді және өзгертеді;

облыстық өкілді және атқарушы органдарға ауылдық округтердің шекараларын өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;

тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, облыстық өкілді және атқарушы органдарға ауылдарға, кенттерге, ауылдық округтерге атау беру және оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;»;

5) 14-баптың екінші бөлігінде:

1) тармақшадағы «аудандық өкілді» деген сөздер «аудандық (облыстық маңызы бар қала) өкілді» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшада:

«аудандық» деген сөзден кейін «(облыстық маңызы бар қала)» деген сөздермен толықтырылсын;

«ат қою және олардың атын өзгерту» деген сөздер «атау беру және оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша «аудандық» деген сөзден кейін «(облыстық маңызы бар қала)» деген сөздермен толықтырылсын;

6) 3-бөлім мынадай мазмұндағы 14-2-баппен толықтырылсын:

«14-2-бап. Елді мекендердің санаттарын өзгерту тәртібі

1. Қала мәртебесін өзгерту бес жыл ішінде осы Заңның 3-бабының 1), 2) және 3) тармақшаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда жүзеге асырылады.

2. Ауыл, кент мәртебесін өзгерту үш жыл ішінде осы Заңның 3-бабының 4) және 5) тармақшаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда жүзеге асырылады.

3. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, үш жыл ішінде осы Заңның 2-бабының 2-тармағы бесінші бөлігінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда ауылдық округ таратылады, ал оның ауылдық елді мекендері жақын маңдағы ауылдық округтерге немесе өзге де елді мекендерге қосылады.

4. Елді мекеннің санатын өзгерту рәсімі осы Заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.»;

7) 16-бапта:

мынадай мазмұндағы бірінші абзацпен толықтырылсын:

«Өңір шегінде әкімшілік-аумақтық құрылыс мәселелерін шешу үшін мыналар қажет:»;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) жергілікті қоғамдастық жиынының шешілетін мәселенің мәніне қатысты хаттамалары;»;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы Заңның 3-бабының 4) және 5) тармақшаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін елді мекендер таратылған кезде ғылыми сараптама актісін ұсыну талап етілмейді.».

3. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 14) тармақшасы алып тасталсын;

2) 8-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мәслихат өз өкілеттігін сессияларда мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен өзге де органдары, депутаттары мен хатшысы арқылы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.»;

3-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) мәслихат хатшысын сайлайды және лауазымынан босатады және оның есептерін тыңдайды;»;

3) 10-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мәслихаттың кезекті сессиясы жылына төрт реттен сиретпей шақырылады және оны мәслихат хатшысы жүргізеді. Мәслихаттың кезектен тыс сессиясын осы мәслихатқа сайланған депутаттар санының кемінде үштен бірінің, сондай-ақ әкімнің ұсынысы бойынша мәслихат хатшысы шақырады және жүргізеді. Кезектен тыс сессия кезектен тыс сессияны өткізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей шақырылады. Кезектен тыс сессияда оны шақыруға негіз болған ерекше мәселелер қаралуы мүмкін.»;

4) 11-баптың 2, 6 және 7-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мәслихаттың бірінші сессиясын тиісті аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы ашады және мәслихат хатшысы сайланғанға дейін жүргізеді. Одан әрі мәслихат сессиясын мәслихат хатшысы жүргізеді.»;

«6. Мәслихат сессиялары, әдетте, ашық сипатта болады. Жабық сессиялар өткізуге, егер қатысып отырған депутаттардың жалпы санының көпшілігі осы үшін дауыс берсе, мәслихат хатшысының немесе мәслихат сессиясына қатысып отырған депутаттар санының үштен бірінің ұсынысы бойынша қабылданатын мәслихат шешімімен жол беріледі.

7. Мәслихат хатшысының шақыруы бойынша жергілікті атқарушы органдардың басшылары, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында орналасқан ұйымдардың басшылары мен өзге де лауазымды адамдары мәслихаттың қарауына жататын мәселелер бойынша ақпарат беру үшін мәслихат сессиясына келуге міндетті.»;

5) 14-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) осы мәслихат сессиясының күн тәртібі бойынша, сондай-ақ мәслихат сессиясында қаралатын кез келген мәселе бойынша мәслихатқа, мәслихат хатшысына ұсыныстар енгізуге;»;

6) 15-бапта:

1-тармақтағы «егер отырысқа олардың құрамына кіретін депутаттар санының жартысынан астамы қатысса,» деген сөздер «мүшелерінің жалпы санының жартысынан астамы болған кезде» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

7) 18-бап алып тасталсын;

8) 19-бапта:

3-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) мәслихат сессиясын және оның қарауына енгізілетін мәселелерді дайындауды ұйымдастырады, сессияның күн тәртібін қалыптастырады, хаттаманың жасалуын қамтамасыз етеді, мәслихат сессиясында қабылданған немесе бекітілген шешімдерге, өзге де құжаттарға қол қояды;»;

мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«1-1) мәслихат сессиясын шақыру туралы шешім қабылдайды;

1-2) мәслихат сессиясының отырысын жүргізеді, мәслихат регламентінің сақталуын қамтамасыз етеді;»;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«11) осы Заңда, Қазақстан Республикасының заңнамасында, мәслихат регламенті мен шешімінде көзделген өзге де өкілеттіктерді орындайды.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Облыс, республикалық маңызы бар қала және астана мәслихатының хатшысы болмаған кезде оның өкілеттігін мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірінің тұрақты негізде жұмыс істейтін төрағасы уақытша жүзеге асырады.

Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының хатшысы болмаған кезде оның өкілеттігін мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірінің төрағасы немесе мәслихат депутаты уақытша жүзеге асырады.»;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6. Егер мәслихат сессиясында дауыс беру кезінде мәслихат депутаттарының даусы тең бөлінген жағдайда, мәслихат хатшысы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.»;

9) мынадай мазмұндағы 19-1-баппен толықтырылсын:

«19-1-бап. Мәслихаттың тұрақты комиссиясының төрағасы

1. Мәслихаттың тұрақты комиссиясының төрағасын мәслихат сессиясында депутаттар арасынан ашық дауыс беру арқылы депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен мәслихат сайлайды және лауазымынан босатады.

Егер мәслихаттың тұрақты комиссиясының отырысында дауыс беру кезінде депутаттардың даусы тең бөлінген жағдайда, мәслихаттың тұрақты комиссиясының төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

Мәслихаттың тұрақты комиссиясының төрағасы лауазымына кандидатураларды мәслихат депутаттары мәслихат сессиясында ұсынады.

2. Мәслихаттың тұрақты комиссиясының төрағасы:

1) тұрақты комиссияның отырысын және оның қарауына енгізілетін мәселелерді дайындауды ұйымдастырады, хаттаманың жасалуын қамтамасыз етеді және тұрақты комиссия отырысында қабылданған қаулыларға, өзге де құжаттарға қол қояды;

2) мәслихат депутаттарына өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына жәрдемдеседі, оларды тұрақты комиссия қызметінің мәселелері жөніндегі қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді;

3) тұрақты комиссия депутаттарының сауалдары мен тұрақты комиссияның атына келіп түскен депутаттық жолданымдардың қаралуын бақылайды;

4) мәслихаттың тұрақты комиссиясының қаулыларын мәслихаттың интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етеді, олардың орындалуын бақылау жөніндегі шараларды айқындайды;

5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының заңнамасында, мәслихат регламенті мен шешімінде көзделген өзге де өкілеттіктерді орындайды.

3. Егер осы баптың 5-тармағында өзгеше көзделмесе, мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірінің төрағасы болмаған кезде мәслихат хатшысының шешімі бойынша оның өкілеттігін мәслихаттың басқа тұрақты комиссиясының төрағасы немесе мәслихаттың осы тұрақты комиссиясының мүшесі болып табылатын депутат уақытша жүзеге асырады.

4. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының тұрақты комиссиясының төрағасы тұрақты негізде жұмыс істейтін лауазымды адам болуы мүмкін.

Тұрақты комиссиялардың тұрақты негізде жұмыс істейтін төрағаларының санын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәслихаты айқындайды және ол екіден аспауға тиіс.

Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының тұрақты комиссиясының тұрақты негізде жұмыс істейтін төрағасы мәслихаттың өкілеттігі мерзіміне сайланады және қатарынан екі реттен артық сайлана алмайды.

Бір саяси партияның мүшелері болып табылатын депутаттар облыс, республикалық маңызы бар қала және астана мәслихатының тұрақты комиссияларының тұрақты негізде жұмыс істейтін төрағалары бола алмайды.

5. Облыс, республикалық маңызы бар қала және астана мәслихатының тұрақты комиссияларының бірінің тұрақты негізде жұмыс істейтін төрағасы болмаған кезде оның өкілеттігін облыс, республикалық маңызы бар қала және астана мәслихатының тұрақты комиссиясының тұрақты негізде жұмыс істейтін басқа төрағасы немесе мәслихат хатшысының шешімі бойынша мәслихаттың осы тұрақты комиссиясының мүшесі болып табылатын депутат уақытша жүзеге асырады.»;

10) 21-бапта:

1-тармақта:

1) және 9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) сайлауға және мәслихат хатшысы, тұрақты комиссияның төрағасы немесе мүшесі болып сайлануға, мәслихаттың өзге де органдарына сайлануға;»;

«9) жергілікті қоғамдастық жиындары мен жиналыстарына қатысуға;»;

мынадай мазмұндағы 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17) және 18) тармақшалармен толықтырылсын:

«10) мәслихат сессиясында азаматтардың қоғамдық маңызы бар өтініштерін жария етуге;

11) мәслихаттардың құрылатын тұрақты комиссияларының және өзге де органдарының құрамына кандидатураларды, оның ішінде өзінің жеке кандидатурасын ұсынуға;

12) мәслихат сайлайтын немесе тағайындайтын лауазымды адамдардың кандидатуралары бойынша өз пікірін білдіруге;

13) жарыссөздерге қатысуға, баяндамашыларға, сондай-ақ мәслихат сессиясы мен отырысына төрағалық етушіге сұрақтар қоюға;

14) мәслихаттардың өзі құрамына сайланған тұрақты комиссиялары мен өзге де органдары сессиясының және отырысының күн тәртібі бойынша, сондай-ақ олар талқылайтын мәселелерді қарау және олардың мәні бойынша ұсыныстар мен ескертулер енгізуге;

15) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында орналасқан мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің және өзге де ұйымдардың Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасының заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерін орындауын тексеру қажеттілігі туралы мәслихатқа ұсыныстар енгізуге;

16) мәслихат қабылдайтын актілердің жобаларына түзетулер енгізуге;

17) мәслихат құрған, сайлаған немесе бекіткен органдардың құрамына, сондай-ақ мәслихат сайлаған немесе бекіткен лауазымды адамдарға сенім білдіру туралы мәселе көтеруге;

18) осы Заңға, Қазақстан Республикасының заңнамасына және мәслихат регламентіне сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.»;

2-тармақ 4) тармақшасындағы «бөліністе тұруға міндетті.» деген сөздер «бірлікте тұруға;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) және 6) тармақшалармен толықтырылсын:

«5) қоғамдық пікірді, азаматтардың, қоғамдық және өзге де ұйымдардың қажеттіліктері мен сұраныстарын зерделеуге, олар туралы мәслихат пен оның органдарына хабарлауға, оларды қанағаттандыру үшін ұсыныстар енгізуге және өзге де шаралар қабылдауға;

6) мәслихат хатшысына не өзі мүшесі болып табылатын тұрақты комиссияның төрағасына отырысқа келе алмайтыны туралы алдын ала хабарлауға міндетті.»;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Мәслихат депутаты мәслихат сессиясының жалпы отырыстарында немесе мәслихат органдарының отырыстарында қатарынан екі және одан көп рет дәлелсіз себептермен болмаған жағдайда, мәслихат хатшысы саяси партияның тиісті филиалының (өкілдігінің) басшы органына хабарлама хат жібереді.»;

3-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«Мәслихат депутаты азаматтардың құқықтарының бұзылуы немесе заңдылықты өзге де бұзушылықтар анықталған кезде бұзушылықты тоқтатуды талап етуге, ал қажет болған жағдайларда тиісті органдарға және лауазымды адамдарға бұзушылықтың жолын кесу талабымен жүгінуге құқылы.»;

11) 21-1-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Депутаттық сауалға берілетін жауапқа осы баптың бірінші бөлігінде аталған адамдар немесе атына сауал жіберілген мемлекеттік органның бірінші басшысы не оның орынбасары қол қоюға тиіс.»;

12) 21-2-баптың 2-тармағындағы «бес» деген сөз «үш» деген сөзбен ауыстырылсын;

13) мынадай мазмұндағы 21-3-баппен толықтырылсын:

«21-3-бап. Мәслихат депутаттарының біліктілігін арттыру

1. Мәслихаттар депутаттарының тиісті жергілікті бюджет қаражаты есебінен біліктілігін арттырудан өтуге құқығы бар.

2. Мәслихаттар депутаттарының біліктілігін арттырудан өту кезеңділігі сайланған депутат өкілеттігінің алғашқы екі жылы ішінде бес жылда бір рет болады.

3. Мәслихаттар депутаттарының біліктілігін арттыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында және олардың филиалдарында жүзеге асырылады.

4. Мәслихат аппараты Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес мәслихат депутаттарының біліктілігін арттыруға арналған шығыстарды жоспарлайды.»;

14) 22-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«22-бап. Депутаттық қызметті жүзеге асыруға байланысты шығыстарды өтеу

Депутат тиісті мәслихаттың регламентінде айқындалған тәртіппен, депутаттық өкілеттіктерді жүзеге асыруға байланысты мәслихат сессияларын, тұрақты комиссияларының және өзге де органдарының отырыстарын өткізу кезеңінде, депутаттық өкілеттіктерді жүзеге асыру уақытында және мәслихат депутаттарының біліктілігін арттыру кезеңінде оған негізгі жұмыс орны бойынша жергілікті бюджет қаражаты есебінен орташа жалақысы, бірақ осы қызметте бір жылға дейінгі жұмыс өтілі бар тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімі аппараты басшысының жалақысынан аспайтын мөлшерде және жол жүру уақыты ескеріліп, мәслихат сессиялары, тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарының отырыстары өтетін, біліктілікті арттырудан өтетін мерзімдегі іссапар шығыстары өтеле отырып, қызметтік міндеттерін орындаудан босатылады.»;

15) 27-бап мынадай мазмұндағы 1-5-тармақпен толықтырылсын:

«1-5. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігі жерлеу және қабірлерді қарап-күту жөніндегі істі ұйымдастыру қағидаларына сәйкес, жерлеу жөніндегі істі ұйымдастыру туралы шарт талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ қабірге арналған жер учаскелерін есепке алу мен тіркеу деректерін (мәліметтерін) жинақтауды ұйымдастырады.»;

16) 31-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 32) және 33) тармақшалармен толықтырылсын:

«32) жерлеу және қабірлерді қарап-күту жөніндегі істі ұйымдастыру қағидаларына сәйкес, қабірге арналған жер учаскелерін есепке алу мен тіркеу деректерін (мәліметтерін) жинақтауды ұйымдастырады;

33) жерлеу және қабірлерді қарап-күту жөніндегі істі ұйымдастыру қағидаларына сәйкес, жерлеу жөніндегі істі ұйымдастыру туралы шарт талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады.»;

17) 33-бапта:

1-тармақтың 4) тармақшасының бірінші және екінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

«4) мыналарды:

шекті санын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің орынбасарларын;»;

мынадай мазмұндағы 1-2-тармақпен толықтырылсын:

«1-2. Облыстық маңызы бар қала әкімі жерлеу және қабірлерді қарап-күту жөніндегі істі ұйымдастыру қағидаларына сәйкес, қабірге арналған жер учаскелерін есепке алу мен тіркеуді жүргізеді.»;

18) 35-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 21-1) тармақшамен толықтырылсын:

«21-1) жерлеу және қабірлерді қарап-күту жөніндегі істі ұйымдастыру қағидаларына сәйкес, қабірге арналған жер учаскелерін есепке алу мен тіркеуді жүргізеді;»;

19) 38-1-бап мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Әкім аппараты ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде құрылады.

Әкім аппараты халқының саны кемінде 500 адам болатын ауылдарда, ауылдық округтерде құрылады.

Халқының саны кемінде 250 адам болатын ауылдарда әкім аппаратын құруға мынадай талаптардың біріне сәйкес келген кезде:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан 25 километрге дейінгі қашықтықта орналасса;

50 километр радиуста тиісті ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) басқа елді мекені болмаса, жол беріледі.»;

20) 39-3-бапта:

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) төрт жыл мерзімге жергілікті қоғамдастық жиналысының жиырма бес адамға дейінгі мөлшердегі құрамын айқындау;»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізуге жол беріледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумағы учаскелерге (ауылдар, шағын аудандар, көшелер, көппәтерлі тұрғын үйлер) бөлінеді. Ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындаудың тәртібін аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері әзірлейді және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) мәслихаттары бекітеді.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.»;

8-тармақтың бірінші бөлігіндегі «көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиынын» деген сөздер «шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары жергілікті қоғамдастығының бөлек жиынын» деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Жергілікті қоғамдастық жиыны осы аумақта тұратын және оған қатысуға құқығы бар жергілікті қоғамдастық мүшелерінің кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.».

4. «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

9-баптың 27) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«27) Қазақстан Республикасының Жер кодексінде және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жер учаскесін мемлекет мұқтаждығы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін және (немесе) өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруды жүзеге асырады;».

5. «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 35-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы «мәслихат сессиясының төрағасы және» деген сөздер алып тасталсын;

2) 35-1-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттерін бекіту немесе нақтылау туралы мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдеріне;».

2-бап.

1. Осы Заң, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларын, 3-тармағы 9) тармақшасының он үшінші – он жетінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заңның 1-бабы 3-тармағының 8) тармақшасы он бірінші абзацының қолданысы 2022 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы абзац мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

«5. Облыс, республикалық маңызы бар қала және астана мәслихатының хатшысы болмаған кезде оның өкілеттіктерін мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірінің төрағасы уақытша жүзеге асырады.».

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 30 маусым
№ 60-VII ҚРЗ